

Материалдық емес мәдени мұра элементтерінің ұлттық тізбесін жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 368 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 29 желтоқсанда № 12594 болып тіркелді.

РҚАО-ның ескертпесі!

Бұйрық 01.01.2016 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

"Мәдениет туралы" 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабы 21-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Материалдық емес мәдени мұра элементтерінің ұлттық тізбесін жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет және өнер істері департаменті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін электрондық тасымалдағышта елтаңбалы мөрмен куәландырылған қағаз данасын қоса бере отырып, Қазақстан Республикасы нормативті құқықтық актілерінің эталонды бақылау банкіне енгізу үшін елтаңбалы мөрмен куәландырылған қағаз данасын қоса бере отырып осы бұйрыққа қол қоюға уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық түрдегі осы бұйрықтың көшірмелерін жолдауды;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Министр

А. Мұхамедиұлы

ҚР Мәдениет және спорт
министрінің 2015 жылды
30 қарашадағы
№ 368 бұйрығымен
бекітілген

Материалдық емес мәдени мұра элементтерінің ұлттық тізбесін жүргізу қағидалары

1. Жалпы қағидалар

1. Осы Материалдық емес мәдени мұра элементтерінің ұлттық тізбесін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) материалдық емес мәдени мұра элементтерінің ұлттық тізбесін (бұдан әрі – Ұлттық тізбе) жүргізу тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) материалдық емес мәдени мұра (бұдан әрі – МЕММ) – ұрпақтан ұрпаққа берілетін және материалдық емес мәдени құндылық болып табылатын салттар, түсініктер мен пайымдардың нысандары, білім мен дағдылар, сондай-ақ олармен байланысты құралдар, заттар;

2) Ұлттық тізбе – Қазақстан халқының материалдық емес мәдени мұрасының мәдени құндылықтарының тізбесі.

3) материалдық емес мәдени мұраны сақтаушылар – Қазақстанның материалдық емес мәдени мұраларын жасауда, сақтауда және қайта жанғырудда маңызды рөл атқаратын, мәдени әртүрлілікті байытатын және адамдардың шығармашылық қабілетін дамытатын жергілікті және этникалық қоғамдастықтар, топтар және кейбір жағдайда жекелеген адамдар.

3. Материалдық емес мәдени құндылықтарға (бұдан әрі – МЕМК элементтері) мына элементтер жатады:

- 1) материалдық емес мәдени мұраның жеткізгіші ретінде тілді қоса алғанда, пайымның ауызша дәстүрлері мен нысандары;
- 2) орындаушылық өнерлер;
- 3) салттар;
- 4) әдет-ғұрыптар;
- 5) мейрамдар;
- 6) табиғат пен әлемге жататын білім және салттар;
- 7) дәстүрлі кәсіптермен байланысты білім және дағдылар.

2. Ұлттық тізбені жүргізу тәртібі

4. Ұлттық тізбе материалдық емес мәдени мұраның өміршеңдігін, оны құжаттандыру, зерттеу, сақтау, қорғау және насихаттауды қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

5. Мәдениет саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) Ұлттық тізбені қазақ және орыс тілдерінде, қағаз және электронды нұсқада, осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес үлгі бойынша жүргізеді.

Ұлттық тізбе уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

6. Мәдени құндылықтарды зерделеумен айналысатын жеке және заңды тұлғалар элементтің анықталуына қарай қажетті мәліметтері бар хатты (бұдан әрі – хат) уәкілетті органға жолдайды.

Элементтер туралы мәліметтер мыналарды қамтиды:

- 1) элементтің толық атауы;
- 2) осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген элементтің түрі;
- 3) элементтің сипаттамасы (қандай да бір этносқа тиесілігі, сондай-ақ жанры, пайда болу тарихы, МЕММ-ны сақтаушылар және тағы басқа сипаттайтын мәліметтер);
- 4) элементтің таралған жері (облыс, қала, аудан, ауыл);
- 5) фотосуреттер, элементті көрсету немесе тыңдау қажет болған жағдайда, видео немесе аудиоматериалдар;
- 6) элементтің сақталу деңгейі;
- 7) элемент туралы деректер (ғылыми материалдар, сайт және өзге деректер).

7. Уәкілетті орган хат түскеннен кейін оны отыз күнтізбелік күннің ішінде қарастырады.

8. Уәкілетті органның жаңында тұрақты түрде жұмыс істейтін сараптамалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылып, келесілерді анықтайды:

- 1) элементтің мемлекеттік маңызы барлығын;
- 2) элементтің ұрпақтан ұрпаққа берілетіндігін;
- 3) өздерінің мәдени мұрасының бөлшегі деп есептейтін Қазақстан аумағындағы этностар, топтар немесе жекелеген адамдардың элементті қолданатындығын.

9. Комиссияның құрамы төраға, хатшы және уәкілетті органның өкілдерінен, тарих, мәдениет, өнер салаларының ғалымдары мен сарапшыларынан қалыптасатын Комиссия мүшелерінен тұрады.

10. Комиссияның төрағасы Комиссияның қызметіне басшылық жасайды, отырыстарын өткізеді және олардың хаттамаларына қол қояды.

11. Отрыстарды ұйымдастыруды, тиісті құжаттар мен материалдарды, оның ішінде хаттамаларды әзірлеуді хатшы жүзеге асырады. Хатшы Комиссияның мүшесі болып табылмайды.

12. Комиссияның мәжілісі хаттардың түсуіне қарай өткізіледі.

13. Комиссияның қорытындылары оның отырысына қатысқан Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

14. Комиссияның шешімі ұсынымдық сипаттағы хаттамамен рәсімделеді.

15. Үәкілдегі орган элементті Ұлттық тізбеке енгізу туралы Комиссияның шешімі негізінде он жұмыс қүні ішінде МЕМК элементтерін Ұлттық тізбеке енгізеді және оны үәкілдегі органның ресми сайтында жаңартады.

16. Ұлттық тізбеке енгізілетін әр МЕМК элементіне тіркеу нөмірі беріледі.

Материалдық емес мәдени мұра элементтерінің ұлттық тізбесін жүргізу қағидаларына
Қосымша

Нысан

Материалдық емес мәдени мұра элементтерінің ұлттық тізбесі

№ p/c	Элементтің толық атауы	Элементтің түрі	МЕММ-ның * сипаттамасы (қандай да бір этноска тиесілігі, сондай-ақ жанры, пайда болу тарихы, МЕММ-ны сақтаушыла р және тағы басқа сипаттайты н мәліметтер)	Элементтің тараған жері (облыс, қала, аудан, ауыл)	фотосуретте р, видео немесе аудиоматер иалдар (дана)	Элементтің сақталу денгейі	Элемент туралы деректер (ғылыми материалда р**, сайт және т.б. деректер)
-------	------------------------	-----------------	--	--	--	----------------------------	--

Ескерту:

*МЕММ – материалдық емес мәдени мұра.

** Авторы, атауы, басылымы, шыққан мерзімі, беті көрсетіледі.